

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 25 қантардағы № 30 "2023 жылға арналған субсидияланатын тұқымдардың әрбір санаты бойынша тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 542 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 желтоқсанда № 10111-10 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы әкімдігінің "2023 жылға арналған субсидияланатын тұқымдардың әрбір санаты бойынша тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы" 2023 жылғы 25 қантардағы № 30 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9924 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 22 қарашадан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов

Қостанай облысы әкімдігінің
2023 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 542 қаулысына

қосымша

Қостанай облысы әкімдігінің
2023 жылғы 25 қантардағы

№ 30 қаулысына

қосымша

**2023 жылға арналған субсидияланатын тұқымдардың әрбір санаты бойынша тұқым
паруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемі**

№	Субсидияланатын тұқымдардың санаты	Бюджет қаражатының көлемі, мың теңге
1	Бірегей тұқымдар	215 000,0
2	Элиталық тұқымдар	883 466,0
3	Бірінші репродукция тұқымдары	842 831,0
4	Бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары	1 417 439,0
Жиыны		3 358 736,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК